3	Кенесбаев А Е	<p>Республикалық жарыстар:</p> <p>III- орын - Республикалық Ұлттық мектеп лигасы « Шұбар доп» волейбол жарысы.Түркістан қаласы 2022 жыл</p> <p>Қалалық жарыстар:</p> <p>III-орын 51-ші спартакиада бойнша қала мектептері арасында волейбол жарысы.Мадақтама.2022 жыл</p> <p>III-орын 52-ші спартакиада бойнша қала мектептері арасында волейбол жарысы.Мадақтама.2023 жыл</p>	<p>I- орын – О. К. Қожановты еске алу қалалық волейбол жарысы.Мадақтама. 2023 жыл</p>	
4	Матаев С А	<p>Ұлы отан соғыс ардагері Қабылда Акимжановқа арналған Павлодар обласының</p>	<p>I- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» 5-6 сыныптар футбол жарысы.Мадақтама. 2024 жыл</p>	<p>Мектеп құрама командалар арасында футбол бойынша Павлодар қаласының кубігі ашық қалалық турнирінде I орын</p>

		4 -5 сыныптар арасында шағын футбол I орын		
5	Омаров С Т	<p>IV- орын - Республикалық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» (қыздар) шағын футбол жарысы.Шымкент қаласы 2022 жыл</p> <p>Облыстық жарыстар:</p> <p>I- орын-Облыстық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» футбол жарысы.Диплом. 2022 жыл</p> <p>I- орын-Облыстық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» футбол жарысы.Диплом. 2022 жыл</p> <p>I- орын-Облыстық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» футбол жарысы.Диплом. 2022 жыл</p> <p>II- орын-Облыстық футбол жарысы.Диплом. 2023 жыл</p> <p>Қалалық жарыстар:</p> <p>III-орын 51-ші спартакиада бойнша қала</p>	<p>I- орын - Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі .Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы.Қазақстан оқушыларының XII жазғы гимназиадасы Диплом. Астана қаласы 2024 жыл</p> <p>I- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» 5-6 сыныптар футбол жарысы.Мадақтама. 2024 жыл</p> <p>I- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» 7-8 сыныптар футбол жарысы.Мадақтама. 2024 жыл</p> <p>I- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» 9-11 сыныптар футбол жарысы.Мадақтама. 2024 жыл</p> <p>II- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы « былғары доп» 9-11 сыныптар(қыздар) футбол жарысы.Мадақтама. 2024 жыл</p> <p>II орын -. қала мектептері арасындағы ҚР Тәуелсіздік күніне арналған футбол турнирі. Мадақтама. 2023 жыл</p>	

мектептері 7-8 сыныптар арасында футбол жарысы.Мадақтама.2022 жыл

III- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы орта жас «былғары доп» футбол жарысы.Мадақтама. 2022 жыл

III- орын -қалалық Ұлттық мектеп лигасы кіші жас «былғары доп» футбол жарысы.Мадақтама. 2022 жыл

I-орын қала мектептер оқушлар арасында футбол жарысы.Мадақтама. 2022 жыл

I- орын - Павлодар футболының ардагері А.А. Клопковті еске алуға арналған оқушлар арасындағы футбол жарысы. Мадақтама. 2022 жыл.

I орын -. қала мектептері арасындағы ҚР

		Тәуелсіздік күніне арналған футбол турнирі. Мадақтама. 2022 жыл		
6	Садук Е Е	2022-2023 А.Д. Зайнуллинді еске алуға арналған оқушылар арасында 3x3 баскетбол бойынша қалалық турнирінде ІІ- орын орын	2023-2024 С.У. Темірбаеваны еске алуға арналған оқушылар арасында баскетбол бойынша қалалық турнирінде І- орын 2023-2024 53-қалалық спартакиада бағдармасында Үстел теннисі бойынша І- орын	-
7	Козбаев М М			
8	Омаров С М	Республикалық деңгей Волейболдан «Шұбар доп» ұлттық мектеп лигасында 5-6 сынып қыздар арасында – 3 орын Қалалық деңгей Волейболдан қыздар арасында 52- кешенді спартакиада бағдаламасында – 2 орын	Республикалық деңгей Волейболдан Қазақстан оқушыларының ХІІ жазғы Гимназиадасы – 1 орын Облыстық деңгей Волейболдан «Шұбар доп» ұлттық мектеп лигасында 7-8 сынып қыздар арасында – 1 орын Қалалық деңгей	

	<p>О.Кожановты еске алуға арналған турнирінде - 2 орын</p> <p>5-6 сынып оқушылары арасында – 3 орын</p>	<p>Волейболдан қыздар арасында 53-кешенді спартакиада бағдаламасында – 1 орын</p> <p>Волейболдан 7-8 сынып қыздары арасында – 1 орын</p> <p>О.Кожановты еске алуға арналған турнирінде - 2 орын</p>	
--	---	---	--

Үйірме жұмыстары

№25 ЖОББМ-нде үйірмелер мен спорттық секциялар жүйелі өткізіледі. Оқушылар мектептік және мектептен тыс өтетін үйірмелер мен спорт секцияларына да асқан белсенділікпен қатысады. Үйірме жұмыстарының негізгі мақсаты: оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және баланың шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік туғызады. Үйірмелер нәтижесінде оқушылардың ұлттық дүниетанымы кеңейеді, танымдық қабілеттері артады, әрі теориялық білімдерін, өмірде қолдана білуге үйренді. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен ұлы адамдардың өсиет сөздерінің мағынасын түсініп, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыланады. Сондай-ақ, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне қарай ұйымдастырылған үйірме түрлі бағыттарға негізделген. Бұл да оқушылардың бойындағы адамгершілік, тапқырлық, сөз шешендігі, сахна мәдениеті, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылық сияқты қасиеттер мен ұғымдарды бойларына сіңіруге мүмкіндік береді.

2022-2023 оқу жылы – <https://drive.google.com/drive/folders/1jQp4icTvjhNHxVHiIaXtq1a2beibS1sm>

2023-2024 оқу жылы – <https://drive.google.com/drive/folders/1jQp4icTvjhNHxVHiIaXtq1a2beibS1sm>

2024-2025 оқу жылы – <https://drive.google.com/drive/folders/1jQp4icTvjhNHxVHiIaXtq1a2beibS1sm>

2022-2023 оқу жылдарындағы үйірме жұмыстары және оқушылардың қатысуы

р/н	Мұғалімнің аты-жөні	Үйірмелер	Топ/ бала саны	Бағыты
1	«Адал Ұрпақ» клубы	А.Н.Жақиянова	1/15	құқықтық
2	Экология мектебі	М.Т.Қасымғожина	1/15	экологиялық
3	«Жас эколог»	М.Т.Қасымғожина	1/15	экологиялық
4	«Жасыл әлем»	Б.Р.Есен	1/15	экологиялық
5	«Табиғат жанашырлары»	А.К.Турсунова	1/15	экологиялық
6	«Табиғат жанашырлары»	М.К.Смаилова	1/15	экологиялық
7	«Табиғат жанашырлары»	А.С.Конқышева	1/15	экологиялық
8	«Табиғат жанашырлары»	Р.Р.Абдрахманова	1/15	экологиялық
9	«Табиғат тамшылары»	Д.Ж.Шаханова	1/15	экологиялық

10	«Табиғат тамшылары»	Г.З.Кабдирова	1/15	экологиялық
11	«Тіл шеберлері»	А.Ш.Мухаметжанова	1/15	гуманитарлық
12	«Шәкәрім әлемі»	З.Б.Адалбулова	1/15	гуманитарлық
13	«Лира»	Г.Р.Усенова	1/24	гуманитарлық
14	«Жас зерттеуші»	С.Р.Абдрахманова	1/15	жаратылыстану-математикалық
15	«Физика әлемі»	Т.А.Асқар	1/15	жаратылыстану-математикалық
16	«Ақжелкен»	Ж.С.Сарбасова	4/79	көркем-эстетикалық
17	«Үйлесім» клубы	Р.К.Мушетова	2/22	психологиялық қарым-қатынас
18	«Үйлесім» клубы	Ж.Б.Ордабаева	2/22	психологиялық қарым-қатынас

р/н	Мұғалімнің аты-жөні	Үйірмелер	Топ/ бала саны	Бағыты
1	Мұрагер	Асылбекова Н.К.	1/12	көркем-эстетикалық
2	«Эстрада студиясы» вокал	Ханафия М.	1/15	көркем-эстетикалық
3	«Эстрада студиясы» вокал	Акылбекова М.Ж.	1/15	көркем-эстетикалық
4	«Қуыршақ» театры	Турсунова А.К.	1/12	көркем-эстетикалық
5	«Қуыршақ» театры	Смаилова М.К.	1/12	көркем-эстетикалық
6	«Қуыршақ» театры	Конкышева А.С.	1/12	көркем-эстетикалық
7	«Қуыршақ» театры	Муслимова Ж.М.	1/12	көркем-эстетикалық
8	«Қуыршақ» театры	Бектасова А.Ж.	1/12	көркем-эстетикалық
9	«Қуыршақ» театры	Ташкенбаева Г.К.	1/12	көркем-эстетикалық
10	Логикалық математика	Байгужинова А.Ж.	1/15	жаратылыстану-математикалық
11	Олимпиада мектебі	Нурпейсова С.Т.	1/15	жаратылыстану-математикалық
12	Олимпиада мектебі	Жомартова Д.К.	1/15	жаратылыстану-математикалық
13	Олимпиада мектебі	Кабдирова Г.З.	1/15	жаратылыстану-математикалық
14	Олимпиада мектебі	Кабышева Ж.К.	1/15	жаратылыстану-математикалық
15	«Волонтерлер» клубы	Болат Е.	1/15	экологиялық
16	«Дебат» клубы	Қырықбаева В.К.	1/12	гуманитарлық
17	«Дебат» клубы	Әлиакпар А.Б.	1/15	гуманитарлық
18	«Эстрада студиясы» вокал	Акылбекова М.Ж.	1/15	көркем-эстетикалық

19	Ғылыми зерттеу жұмысына кіріспе	Турсунова А.К.	1/15	жаратылыстану-математикалық
20	Ғылыми зерттеу жұмысына кіріспе	Смаилова М.К	1/12	жаратылыстану-математикалық
21	Өмір қауіпсіздік ережелері	Шаханова Д.Ж.	1/15	құқықтық
22	Театр әлемі	Мухаметжанова Л.Ж.	1/15	көркем-эстетикалық

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы 1-11 сынып оқушылары үшін мектепшілік 40 үйірме жұмыс жасады. Оқушылардың бос уақытын қамту үшін ұйымдастырылған үйірмелерге 1669 оқушының 660-ы, яғни 40 % -ы қамтылды.

Құқықтық, гуманитарлық, көркем-эстетикалық, жаратылыстану-математикалық, экологиялық бағыттар бойынша ұйымдастырылған үйірмелерде оқушыларды адамгершілікке, шығармашылыққа, ұлттық өнерге, сахна мәдениетіне, талғампаздыққа баулу мақсаттары көзделген. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған үйірмелерге 1-11 сынып оқушылары белсене қатысты. Үйірме сабақтарында алған білімдері мен үйренген әртүрлі өнерлері оқушылардың түрлі деңгейдегі сайыстарда жүлделі орындар алуына септігін тигізді.

2023-2024 оқу жылдарындағы үйірме жұмыстары және оқушылардың қатысуы

№	Үйірме атауы	Жауапты	Топ/ бала саны	Бағыты
1	«Адал ұрпақ»	Жакиянова А.Н.	1/15	Құқықтық
2	«Экология мектебі»	Касымгожина М.Т.	1/15	Экологиялық
3	«Жас эколог»	Касымгожина М.Т.	1/15	Экологиялық
4	«Жас эколог»	Кабышева Д.Б.	1/15	Экологиялық
5	«Жасыл әлем»	Абдуллина М.А.	1/15	Экологиялық
6	«Табиғат жанашырлары»	Смаилова М.К. Конкышева А.С. Абдрахманова Р.Р.	4/60	Экологиялық
7,8,9	«Табиғат тамшылары»	Кабышева Ж.К. Шаханова Д.Ж. Кабдинова Г.З.	3/45	Экологиялық
10	«Тіл шеберлері»	Мухаметжанова А.Ш.	1/15	
11	«Шәкәрім әлемі»	Мухаметжанова Л.Ж.	1/15	қоғамдық-гуманитарлық
12	«Лира»	Усенова Г.Р.	1/26	қоғамдық-гуманитарлық
13	«Жас зерттеуші» (тарих)	Абдрахманова С.Р.	1/15	қоғамдық-гуманитарлық
14	«Ақжелкен» би үйірмесі	Сарбасова Ж.С.	4/79	көркем-эстетикалық

15	«Үйлесім» клубы	Мушетова Р.К.	2/22	Психологиялық қарым-қатынас
16	«Үйлесім» клубы	Ордабаева Ж.Б.	2/22	Психологиялық қарым-қатынас
17	Хореография	Хандсурен Т.	4/80	көркем-эстетикалық
18	«Жас құтқарушы»	Жақсылық Мұхтар	1/15	Әскери-патриоттық
19	«Сарбаздар»	Жақсылық Мұхтар	1/15	Әскери-патриоттық
20	«Ашық алаң» (дебат)	Каирканова Н.Ж.	1/15	басқалар
21	«Ашық алаң» (дебат)	Әлиақбар А.Б.	1/15	басқалар
22	«Жас жол инспекторы»		1/15	Әскери-патриоттық
23	«Жас ұлан»	Аға тәлімгер	1/15	Әскери-патриоттық
24	«Жас қыран»	Аға тәлімгер	1/15	Әскери-патриоттық

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылы оқушыларды шығармашылыққа, ұлттық өнерге, сахна мәдениетіне, тіл шеберлігіне, көркем-эстетикалық тәрбиеге, Отансүйгіштікке, табиғатты аялауға, қауіпсіздік ережелеріне, психологиялық қарым-қатынас мәдениетіне баулу мақсатында ашылған мектепішілік 24 үйірме ашылды. Оқушы тәрбиесіне жағымды әсер ететін үйірмелерге 1659 оқушының 1-11 сынып оқушылары арасынан 559-ы, яғни 34 %-ы қатысты.

Әр үйірменің мақсаты мен бағытына сай құрылған күнтізбелік жоспарға сай үйірме жетекшілері оқушыларға танымдық түсіндірме сабақтарын, тәжірибелік сабақтарды уақытымен өткізді. Үйірмеге қатысу барысында оқушылар өздерін жан-жақты дамыта отырып, түрлі деңгейдегі сайыстарда жүлделі орындарға ие бола алды.

2024-2025 оқу жылдарындағы үйірме жұмыстары және оқушылардың қатысуы

№	Үйірме атауы	Жауапты	Топ/ бала саны
---	--------------	---------	----------------

1	«Адал ұрпақ»	Ахметова А.Т.	1/15
2	«Экология мектебі»	Касымгожина М.Т.	1/15
3	«Жас эколог»	Касымгожина М.Т.	1/15
4	«Жас эколог»	Кабышева Д.Б.	1/15
5	«Жасыл әлем»	Абдуллина М.А.	1/15
6,7,8	«Табиғат жанашырлары»	Смаилова М.К. Конкышева А.С. Абдрахманова Р.Р.	3/45
9,10,11	«Табиғат тамшылары»	Кабышева Ж.К. Шаханова Д.Ж. Кабдирова Г.З.	3/45
12	«Тіл шеберлері»	Мухаметжанова А.Ш.	1/15
13	«Шәкәрім әлемі»	Мухаметжанова Л.Ж.	1/15
14	«Лира»	Усенова Г.Р.	1/26
15	«Жас зерттеуші» (тарих)	Адилова Ы.Д.	1/15
16	«Үйлесім» клубы	Мушетова Р.К.	2/22
17	«Үйлесім» клубы	Ордабаева Ж.Б.	2/22
18	Хореография («Салтанат» би үйірмесі)	Хандсурен Т.	3/30
19	«Өрт сөндірушілер»	Жақсылық Мұхтар	1/15
20	«Сарбаздар»	Жақсылық Мұхтар	1/15
21	«Ашық алаң» (дебат)	Каирканова Н.Ж.	1/15
22	«Ашық алаң» (дебат)	Әлиақбар А.Б.	1/15
23	«Жас жол инспекторы»	Мырзаатаева Н.Н.	1/15

2023-2024 оқу жылы

2024-2025 оқу жылы оқушылардың бос уақытын қамту және оларды шығармашылыққа баулу мақсатында мектепшілік 23 үйірме ашылды. Түрлі бағытты қамтыған үйірмелерде оқушылар адамгершілік, Отансүйгіштік, патриоттық қасиеттерге тәрбиеленіп, ұлттық өнерді сүюді, сахна мәдениетін сақтауды, тіл шеберлігіне, мәнерлеп оқу машығына үйренеді. Оқушы тәрбиесіне жағымды әсер ететін үйірмелерге 1599 оқушының 1-11 сынып оқушылары арасынан 385 оқушы, яғни 4 %-ы қатысады.

Әр үйірменің мақсаты мен бағытына сай құрылған күнтізбелік жоспарға сай үйірме жетекшілері оқушыларға танымдық түсіндірме сабақтарын, тәжірибелік сабақтарды уақытымен өткізді. Үйірмеге қатысу барысында оқушылар өздерін жан-жақты дамыта отырып, түрлі деңгейдегі сайыстарда жүлделі орындарға ие болына септігін тигізеді.

Үйірме жұмыстарының кестелері сілтемеде көрсетілген:

Тұжырым:

- Ата-аналарды Патриоттық тәрбие нысандарын белсендіру және ертараптандыру өнердің түрлі салаларына, ұлттық салт-дәстүрлерге, сыныптық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуға тарту;

- «Аналар», «Әкелер», «Әжелер, аталар» мектебінің жұмысын жандандыру.

- Білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік - эстетикалық, еңбек және денетәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс әрекеттер арқылы ұлттық құндылықтарға баулып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Тәрбие жұмысына талдау

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ	ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сынып жетекшілер, психолог, әлеуметтік педагогтың мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарымқатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылуы; ✓ Оқушылардың зияткерлік, шығармашылық сайыстарға қатысуға деген қызығушылығының артуы; ✓ Мектеп-лицейде «Дебат» клубының жұмысының жүйелі жолға қойылып, оқушылардың белсенділіктерінің артуы; ✓ Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысып отыруы. ✓ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кел, бірге оқиық» оқу сағатында тұрақты оқуы және іс-шараларға белсенді қатысуы 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Сынып жетекшілердің сынып ішіндегі күнделікті әрекетті жағымды ұйымдастырып, өзара қарым-қатынасты орнатуы; ✓ Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыстарды жандандыру, оқушылар арасында кездесетін әр түрлі аурулардың алдын алуы; ✓ Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдық орындағы тәртіп туралы түсіндірме жұмысты күшейту. ✓ Мектеп-лицейшілік тіркеудегі оқушылар үйірмелерге аз қатысуы.
<p style="text-align: center;">МҮМКІНДІКТЕР</p>	<p style="text-align: center;">ҚАУІПТЕР</p>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға, оқушылардың білім алу ынтасын арттыруға ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тарту. 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Оқушылардың денсаулықтарының әлсіздігі; ✓ Ата-аналардың жұмысбасты болуы. Кейбір ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, отбасы тәрбиесінің жеткіліксіздігі.

<ul style="list-style-type: none"> ✓ Дарынды оқушыларды дамыту бағытындағы шараларды ұйымдастыру. ✓ Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыстарды жандандыру; ✓ Оқушыларға ерте жастан кәсіби бағдар беру жұмысын жандандыру; 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Интернет арқылы берілетін жағымсыз ақпараттан оқушыларға келетін қауіп-қатерлері. ✓ Мектеп-лицей жарғысына, ішкі тәртіп ережесіне бағынбайтын оқушылардың болуы.
--	---

10. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесі ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына бұдан әрі-ҮОЖ) сәйкестігі негізінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау негізінде сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталды. Сабақ кестесі, пән бойынша барлық балаға бірдей күнтізбелік-тақырыптық жоспар, педагог-логопедтің жеке сабақтарының күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілді. Сабақ кестесі «Күнделік» электронды журналда тіркелді.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 1 оқушы тіркелді.

2023-2024 оқу жылында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 10 оқушы тіркелді.

2024-2025 оқу жылында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар 8 оқушы тіркелді.

№	Оқушының аты -жөні	Туған күні, айы, жылы	Сыныбы	Қорытындысы
1	Қайрат Ақтілек Әлібекұлы	09.11.2016	2 «В»	-
2	Нұрлан Арсен	28.01.2017	2 "Д"	Психикалық дамудың тежелуі. II деңгейдегі жалпы сөйлеу тілінің дамымауы
3	Байжунусова Наргиз Жанатовна	01.09.2015	3 "Г"	Психикалық дамудың тежелуі. Жалпы сөйлеу тілінің III деңгейдегі дамымауы
4	Айбат Байназар Ержанұлы	12.04.2016	3 "Ғ"	Жалпы сөйлеу тіл дамымауының II-III деңгейі. Дизартрияның көмескі түрі
5	Алтынбекова Айым Болатовна	29.06.2013	6 "Е"	Жеңіл түрдегі зиятының зақымдалуы. Элективті мутизм
6	Каирбеков Нурсат Саматович	23.03.2010	9 "Б"	Психикалық дамудың тежелуі. Мінез-құлықтың қиындықтары
7	Бекмағамбетова Малика Қуанышбековна	30.09.2009	9 "Г"	-
8	Ералин Жансар Канатович	24.07.2007	11 "Ә"	-

11. Үйден оқитын оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай жасалған.

2022-2023 оқу жылында- 3 оқушы. Барлық оқушыға сабақ кестесі жасалып, КТЖ енгізілді. «Kundelik» электронды журналда көрсетілген.

№	Оқушының аты- жөні	сыныбы	Үйден оқыған уақыты
1	Ералин Жансар Канатович	9Б	01.09.2022-25.05.2023 (жыл бойы)
2	Каирбеков Нурсат Саматович	7Б	17.04.2023-31.05.2023 (4 тоқсан)
3	Омаров Карим Алмасович	9Д	25.04.2023-31.05.2023 (4 тоқсан)

2023-2024 оқу жылында үйден оқитын оқушы саны- 6. Барлық оқушыға сабақ кестесі жасалып, КТЖ енгізілді. «Kundelik» электронды журналда көрсетілген.

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Үйде оқыған уақыты
1	Азамат Томирис Әділқызы	11В	08.12.2023-31.12.2023 (2тоқсан)
2	Апсалямова Самира Сериковна	4Ә	26.09.2023-26.10.2023 (1 тоқсан)
3	Ералин Жансар Канатович	10Ә	05.09.2023-25.05.2024 (жыл бойы)
4	Ержанова Айлин Данияровна	5Д	22.09.2023-13.10.2023 (1 тоқсан)
5	Султанова Акнур Кажмухановна	6Ә	01.02.2024-29.02.2024 (3 тоқсан)
6	Темірхан Нұрай Қайроллақызы	5Г	03.10.2023-27.10.2023 (1 тоқсан)

2024-2025 оқу жылында үйден оқитын оқушы саны- 2. Барлық оқушыға сабақ кестесі жасалып, КТЖ енгізілді. «Kundelik» электронды журналда көрсетілген.

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	Үйде оқыған уақыты
1	Ералин Жансар Канатович	11Ә	02.09.2024-25.05.2025 (жыл бойы)
2	Сұлтан Асылым Мерекеқызы	2Б	02.09.2024- 25.05.2025 (жыл бойы)

12 Өмір қауіпсіздік негіздері

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаалрын іске асыратын білім беру ұйымдарында «Өмір

қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту міндетті болып табылады. Оқу процесі кезінде жүргізілетін және міндетті болып табылатын «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнының инвариантты оқу пәндерінің аясында жүргізілуіне талдау жасау үшін «Күнделік» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, электронды сынып журналдары зерделенді. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5-9 сыныптарда 15 сағатты «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. 10-11 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырылды. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында өткізілген «Өмір қауіпсіздігі негіздерінің» кестесі ұсынылды.

2022-2023 оқу жылы

https://docs.google.com/spreadsheets/d/1nN7tiTmyUmdonq_KiDCy2KURzgXO-DeqKCqa7DXXC7U/edit?gid=0#gid=0

2023-2024 оқу жылы

https://docs.google.com/spreadsheets/d/1nN7tiTmyUmdonq_KiDCy2KURzgXO-DeqKCqa7DXXC7U/edit?gid=0#gid=0

2024-2025 оқу жылы

https://docs.google.com/spreadsheets/d/1nN7tiTmyUmdonq_KiDCy2KURzgXO-DeqKCqa7DXXC7U/edit?gid=0#gid=0

13. «Жолда жүру қауіпсіздігі ережелері» оқу курсы

2022-2023 оқу жылында "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныпта әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды. Мектеп сынып сағаты әр аптаның дүйсенбі күндері 1 сабақта өткізіледі

2023-2024 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 25 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді.

2024-2025 оқу жылында Мектеп сынып сағаты әр аптаның дүйсенбі күндері 1 сабақта өткізіледі. «Күндлік» электрондық журналының ҚББ бөлімінде көрсетілген.

https://docs.google.com/spreadsheets/d/1dSgR8B_elrbCU7WrAI9q4fSBCB_SLET-n_QWIEEnSFkHM/edit?gid=1629500834#gid=1629500834

14. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығы

«Күнделік» электронды журналда автоматтандырылған басқару жүйесі арқылы электрондық сынып журналдарын зерделену барысында бағаланатын кезең аралығындағы жұмыс оқу жоспарларында көрсетілген білім алушылардың әр деңгейі бойынша оқу жылы ұзақтығының оқу аптасының үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу аптасының ұзақтығына, сынып журналындағы жазбаларда көрсетілген күндердің жалпыға міндетті білім беру стандартының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде анықталған каникул күндерімен сәйкес келетіні анықталды.

2022-2023 оқу жылы

I тоқсан 01.09.2022-28.10.2022

II тоқсан 07.11.2022-30.12.2022

III тоқсан 09.01.2023-17.03.2023

IV тоқсан 27.03.2024-31.05.2023

2023-2024 оқу жылы

I тоқсан 01.09.2023-27.10.2023

II тоқсан 06.11.2023-28.12.2023

III тоқсан 08.01.2024-20.03.2024

IV тоқсан 01.04.2024-25.05.2024

2024-2025 оқу жылы

I тоқсан 01.09.2024-25.10.2024

II тоқсан 04.11.2024-27.12.2024

III тоқсан 09.01.2025-20.03.2025

IV тоқсан 01.04.2025-25.05.2025

15. Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру

МІБ туралы ереже оған өзгертулер мен толықтырулар педагогикалық кеңеспен өзгертіліп, бекітіледі.

Мақсаты: Оқу-тәрбие үдерісінде көптілділікті дамытып, жаһандық білім кеңістігінде еркін бағдарлана алатын тұлғаны даярлау;

Мектепшілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепшілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауы жүргізіледі.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырылады. Білім алушылардың білім беру сапасын жақсарту мақсатында 2-11 сыныптарда бастапқы, жарты жылдық, жылдық, әкімшілік бақылау жұмыстары жүргізіледі. Мектеп әкімшілігі апталық бекітілген сабаққа қатысу жоспары бойынша және директордың бекіткен кестесіне сай сабақтарға қатысады. Әкімшілік тарапынан қатысқан сабақтарға талдау жасалынып, ұсыныстар беріледі. Қатысқан сабақтарға әкімшілік тарапынан талдау жұмыстары мен мұғалімнің өзіндік талдауы жүргізіледі, ұсыныстар мен кеңестер беріледі. 1,5,10 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі, жай-күйі, психологиялық ахуалы, жалпы қалыптасуы мен сабаққа дайындық деңгейлері тексеріледі. Әр сыныптың жағдайы мен оның өзгеру тенденциясын анықтай отырып, сынып ұжымын дамытудың резервтерін анықтайтын психологиялық-педагогикалық консилиум өткізіліп, жекелеген оқушыларға дифференциалды көмек көрсетіледі. Жоспарлы түрде қатаң есепте тұрған құжаттарға бақылау жүргізіледі.

МІБ барлық пәндердің оқытылу сапасы қарастырылады. Барлық пәндер бойынша жұмыс дәптерлерінің талапқа сай жүргізілуі, оқу тапсырмаларының көлемі 08.04.2020 жылғы № 135 бұйрығына сәйкес үй жұмысының нормасы бақыланады.

Мектепшілік бақылау жоспарына сай «Күнделік» электрондық журналының дер кезінде сапалы, дұрыс, талапқа сай толтырылуы тексеріледі. Журналдың толтырылуы күн сайын қаралып, (выгрузка) жүктемесі шығарылып, талданады.

Мектепшілік бақылауда пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, мемлекеттік стандарттың, оқу бағдарламасының орындалуы үнемі бақыланып отырылады. «Күнделік» бойынша қажетті анықтамалар жазылып, сапалы толтырылуы тексеріледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың білімін оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарының сақталуы қаралады. Бағаланатын кезеңде оқу бағдарламалары бойынша сыныптарда БЖБ, ТЖБ өткізу кестелері, оқу бағдарламасына сәйкес күнтізбелік тақырыптық жоспарлау, оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдер/тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалаудың балдары қойылады. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізіліп, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындылары шығарылады.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың оқуын ұйымдастыру. 04.09.2018 №441 және 08.11.2012 ж. № 500 (75 –қосымшасы)–ның орындалуын қадағаланады. Оқушылардың оң динамикасын сақтауға және дамытуға ықпал ететін тұрақты мотивациялық сфераны қалыптастыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау бойынша мұғалімдердің жұмыс жүйесі зерделенеді.

9-11 сыныптарында факультатив сабақтары ретінде жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерін ағылшын тілінде жүргізілу талаптарының орындалуы мен берілу жағдайы қадағаланады.

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттырумен, оқуға деген ынтасын көтеру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Халықаралық зерттеулерге қатысу ББЖМ, Pirls, Piza байқау тесттерін жасау, мұғалімдердің халықаралық зерттеулерге қатысу дайындығының

жағдайы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасуы қарастырылады.

Оқушының білім сапасына әсер ететін жеке басының ерекшеліктеріне ескере отырып, әр түрлі пәндерден оқу нәтижелерінің диагностикасы негізінде біліміндегі олқылықтарды толықтыру негізінде үлгерімі нашар оқушылармен жұмыстың тиімді тәсілдерін анықтап, жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылып, бақыланады.

Мектеп оқушыларының сыныптан тыс бос уақыттарына қызығушылықтарын ескере отырып, үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысына қамтылып, қарастырылады.

Әкімшіліктің сабақтарға қатысу кестесі:
<https://drive.google.com/drive/my-drive>

16. №25 жалпы орта білім беру мектебінде психологиялық қызметтің жүргізген жұмыс есебі

Жұмыс жоспары:

2022-2023 оқу жылы

<https://drive.google.com/drive/folders/1Z8BF81VzlZBcjcTz29EYtz5195dwQPS3>

2023-2024 оқу жылы

<https://drive.google.com/drive/folders/1Z8BF81VzlZBcjcTz29EYtz5195dwQPS3>

2024-2025 оқу жылы

<https://drive.google.com/drive/folders/1Z8BF81VzlZBcjcTz29EYtz5195dwQPS3>

Мақсаты: Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеті:

- 1) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;

- 4) психологиялық диагностика жүргізу және білім алушыларыдың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеутін дамыту;
- 5) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен мәселелерін шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (занды өкілдеріне) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Психологиялық қызметі келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- диагностика
- түзету-дамыту
- кеңес беру
- ағартушылық
- алдын алу

Балалар мен жасөспірімдер арасында жағдайы төмен, психикалық денсаулығында ақауы бар, ортаға бейімделе алмаған, өз ортасында, мектепте, отбасында туындаған қиындықтар, мәселелерді, т.б анықтау және қолдау мен сүйемелдеу мақсатында психодиагностика жүргізіледі.

Психодиагностиканың негізгі әдістері-тесттер, сауалнамалар, бақылау.

Психодиагностикалық бағыт бойынша төмендегі зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жарты жылдықта диагностикалық бағыты бойынша жоспарланған оқушылардың бейімделу деңгейіне психодиагностика (өздік бағалау, темперамент, социометрия «Менің сыныбым», оқу мотивациясын анықтау, сабаққа қатысу т.б) 1,5,9,10 сыныптарда тесттері жүргізілді. Нәтижелері шығарылып, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері таныстырылды. Ұсыныстар берілді. Түзету жұмыстарын қажет ететін оқушылар тізімі жасалып, түзету-дамыту жұмыс жоспары бойынша ұйымдастырылды. Мониторинг жасалды. 8-11 сыныптарда қараша-желтоқсан айында психикалық жағдайды анықтау (агрессия, фрустрация, ригидтік, қобалжу, өздік бағалау деңгейін анықтау. Социометрия. Оқушылардың өзара қарым – қатынасын зерттеу диагностикасы жүргізілді.

8-11 сынып оқушылары арасында мамандық таңдау жұмысына байланысты «Йовайши», «Бейін» диагностикасы алынды. Оқушыларды нәтижелерімен таныстырып, кеңес берілді.

1-11 сынып аралығында тәртіпбұзушылыққа жақын тұрған оқушыларды анықтап, қауіп – қатер тобы үшін деректер базасын құрылды.

9,11-шы сынып оқушыларының стресске төзімділіктерін (Л.П.Паноморенко), берекесіз отбасы, өгей ата-аналармен тұратын балалар мен жасөспірімдерге қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылықты анықтау (Сакса Леви әдісі) 1 – 11 сынып білім алушыларында дағдарыстық жағдайдың болу факторларын

анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Қорытындысымен сынып жетекшілер таныстырылды. Кеңес берілді.

1 – сынып оқушыларының мектепке бейімделуін және оқушылардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерін анықтау

1 – сынып оқушыларымен жүргізілген диагностикалар:

1. «Менің сыныбым» әдістемесі - сыныпқа бейімделуін анықтау
2. «Саты» әдістемесі - өздік бағалауын анықтау
3. МЭДИС тесті – зияткерлік қабілеттерін анықтау

1-ші сыныптар «Менің сыныбым» оқушылардың сыныпқа бейімделуін анықтау

Жылдар	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Бейімделуі жақсы	Оқу позициясына сәйкес келмейді	Бейімделуінде қиындықтар бар
2021-2022	171	166	84,3%	7,2%	8,4%
2022-2023	178	176	95%	3,4%	2%
2023-2024	201	197	92%	6,5%	1,5%

Жалпы 1 – ші сынып оқушыларында сыныпқа бейімделуі жақсы деңгейде. Бейімделуінде қиындықтары бар оқушылар 2021 жылмен салыстыра келсек 6,9% төмендеген. Бұл динамиканы көрсетеді. Сонымен қатар бейімделуінде қиындықтар бар оқушылармен жек, топтық түзету жұмыстары жүргізіледі.




1-ші сыныптар «Саты» әдістемесі жүргізілді.

Өзін – өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез – құлқына, ішкі жан – дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны т.б. бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Жеке тұлғаның өзін – өзі бағалауы адекватті болғаны анағұрлым жақсы.

Жылдар	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Өздік баға		
			жоғары	Адекватты	төмен

202-2022	171	166	34- 20,4%	132-79,5%	0-0%
2022- 2023	178	176	27%	73%	0,5%
2023- 2024	201	197	2,5%	97,5%	0%


Қорытынды: Өзін – өзі бағалауда көбінесе адекватты деңгейге мән беріледі. Жоғары және төмен көрсеткен балалармен жұмыс жасау көзделуде. Олардың өз – өздеріне деген сенімін арттыру және ортадағы қарым – қатынасты нығайту мақсатында тренинг жаттығулар жүргізіледі .



1-ші сыныптар «МЭДИС» тест нәтижесі

Мақсаты: балалардың зияткерлік қабілеттерін жедел диагностикалау. Бұл әдістемені әр баламен жеке дара немесе топпен жүргізуге болады. Тест 4 субтестан тұрады: 1 субтест - оқушылардың жалпы хабардарлығын , сөздік қорын анықтауға бағытталған.; 2 субтест – сандық және сапалық қатынастарды түсінуге арналған; 3 субтест – логикалық ойлау деңгейін анықтауға бағытталған; 4 субтест – математикалық қабілеттерді анықтауға бағытталған.

Жылдар	Барлық оқушылар саны	Қатысқан оқушылар саны	Орташадан жоғары	Орташа	Төмен
2021- 2022	171	166	79,5%	18%	2,4%
2022- 2023	178	176	59%	37%	4%
2023- 2024	201	197	50%	48%	2%



Дарындылықты анықтауға 1-ші сыныптарда қазан айында МЭДИС зияткерлік қабілеттерін жедел диагностикалау, қараша айында 2 – 3 сынып ата – аналарымен А.И. Савенковтың әдістемесі «Баланың дарындылығын анықтау картасы» толтырылды.

Желтоқсан айында бастауыш сынып оқушыларының ауызша логикалық ойлауын зерттеуде Э.Ф.Замбацявичене логикалық ойлауын зерттеу әдістемесі қолданылды. Алынған тест нәтижелері бойынша оқуда қиындық көретін, үлгерімі төмен оқушылар анықталды. Оқушылармен жеке-дара түзету-дамыту жұмысы ұйымдастырылды.

5-ші сынып оқушыларының бейімделуін анықтау диагностикасының нәтижесі

Зерттеудің мақсаты: 5 сынып оқушыларының кіші буынан орта буынға көшуге бейімделуін бағалау.

№	Жыл	Саны	Бейімделуі жақсы	Бейімделуде қиындықтары бар	Ойын позициясы
1	2021-2022	153	79,7%	1,9%	18,1 %
2	2022-2023	121	81,1%	9,9%	9%
3	2023-2024	190	75,7%	13,1%	11%

2021-2022 жылы 5-ші сыныптардан- 7 сынып комплект- 153 оқушы диагностикаға қатысты;

2022-2023 жылы 5 сынып комплект-121 оқушы; 2023-2024 оқу жылы 5-ші сыныптардан 8 сынып комплект -190 оқушы қатысты. Соңғы 3 үш жылда сынып санына қарай оқушылар саны да ауысып тұрды. Бұған қоса ата-аналар келісім-бас тартулары да қосылады. Қорытындылай келсек білім алушылардың орта буынға жеңіл әрі сәтті бейімделуде басым бөлігі алып тұр деуге болады. Орта есеппен 80 %. Сонымен қатар бейімделуде қиындық көретін, оқу позициясына сәйкес келмейтін, ойын позициясындағы оқушылар да баршылық. Анықталған оқушылар тізім бойынша жеке жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Түзету-дамыту, алдын алу, ағартушылық бағыттары

арқылы сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен жеке-дара консультация, топтық жаттығулар өткізілді, бақылауға алынды. Оқу жылының басында барлық сыныптарға сабақтарға қатысу арқылы оқушылардың оқуға, сабаққа қызығушылықтары, мұғаліммен, өзара қарым - қатынастары, тақырыпты қабылдау деңгейлері мен психологиялық ахуал анықталды. 5-ші сынып ата-аналарымен жиналыс ұйымдастырылды. Оқушылардың мінез-құлқындағы, физиологиялық, психикалық өзгерістері, бейімделудегі кездесуі мүмкін қиындықтары жайында талқыланды, кеңес ұсынылды. Жиналыс соңында психологиялық- педагогикалық қызметтің жұмысы бойынша толық ақпарат берілді.

5-11 сынып оқушыларының сыныпта алатын орнын тексеру нәтижелері келесідей:

Жыл	саны	Таңдаулылар	Оқшау қалғандар
2021-2022	1039	92%	8%
2022-2023	900	98%	2%
2023-2024	932	98%	2%

Мақсаты: Әр оқушының сыныпта алатын орнын және жалпы сынып ұйымшылдығын анықтау. Сынып ұжымы мен әрбір оқушының жеке тұлғасының ерекшеліктерін зерттеу.

Қорытынды: 2021-2022 жылы өткізілген диагностика нәтижесі бойынша оқшау қалған 8%. Алайда бұл биылғы жылдың оқушылар санының артуына да байланысты деуге болады.

2022-2023 оқу өткізілген диагностика нәтижесі бойынша оқушылар арасында топқа бөліну, өзара келіспеушілік жағдайлары байқалды. 2% таңдаусыз қалған. 2023-2024 оқу жылы оқушылар арасында топқа бөліну анықталмағанымен, өзара келіспеушілік жағдайлары кездесті. Таңдаусыз қалған 2% . Әрине бұл жерде әр оқушының өздік ерекшеліктеріне де байланысты: мінезі, тәртібі, қарым-қатынас орнатуы, өзгелерді сыйлау т.б. дегенмен сыныпта оқшауланған оқушылар болмауы тиіс.

Жеке-дара оқушылар арасында болатын келіспеушіліктер сынып жетекшісі, психолог, әлеуметтік педагогпен әңгімелесу, себептерін анықтау, жеке-дара түзету жұмыс жоспары бойынша жеке оқушы және сынып бақылауға алынады, сыныппен жұмыс жоспары арқылы жүргізіліп шешіледі. Жылдың соңында бұл оқушылар сыныпта өз орындарын тауып, таңдаулылар қатарына енді.



2020-2024 жылдары оқшау қалған оқушылар саны 8 оқушыдан 2 оқушыға дейін төмендеді. Алайда оқушылар арасында мінез-құлықтарына, темпераментіне байланысты шеттетілген балалар кездеседі. Бұл балалармен жеке-дара, топтық жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. 2021-2022 жылдан қарағанда 2022-2023 жылы 6 оқушыға түсті. Бұл жақсы көрсеткіш. Оқшауланған оқушылар саны төмендегенін байқаймыз. Ал 2022-2022 және 2023-2024 жылдары біркелкі. Жалпы оқушылар арасында мінезі тұйықталған, ұяң, қарым-қатынас құра алмайтын оқушылар кездеседі. Сондықтан оқушылар арасында бөліну, оқшауланудың алдын алу қажет.


5-8 сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін зерттеу және қалыптастыру жұмыстарының қорытындысына тоқталайық.

Әр адамның қарым-қатынас мәдениеті оның жекелік қасиеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін зерттеуге әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолданумен қатар әр баланың жекелік ерекшеліктерін анықтау керек. Ол әдістемелерді мектеп жасындағы балаларды зерттеуге қолданғанда зерттеуді сынып ұжымымен жүргізудің көптеген ұтымды жерлері бар. Балалар оқу барысында, сыныптан тыс іс-шаралар жүргізгенде, көптеген оқу-тәрбие мәселелерін шешу барысында бір-бірімен себептес байланыста болып, қарым-қатынас жасайды. Осы қарым-қатынас барысында әр баланың жеке позициясы және каузалдық атрибуциясының көрініс беруі т.б. қасиеттері үлкен роль атқарады. Қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу әдістерінің көптеген түрлері жас жеткіншектерді зерттеуге ыңғайлы етіп жасалған. Бұл жас кезеңі адам өмірінде ерекше орын алады. Гимназиялық сыныптардың оқу процессін ұйымдастыру ерекшеліктері балалардың қарым-қатынасының тығыз болуына, бір-бірін жете танып, біраз уақыт көрмегенде сағынып жүретіні айқын байқалды. Ал жалпы білім беретін сынып оқушыларының ара қатынасы кішкене айырмашылығы бар екені анық. Зерттеу барысында социометриялық талдау т.б. әдістемелер көмегімен балалардың жекелік ерекшеліктерін жете талдауға және татулығын, ұжымшылдығын т.б. әлеуметтік қасиеттерін бағалайды. Зерттенушілердің қарым-қатынас мәдениетін бағалау үшін келесі әдістемелер пайдаланды: «Қарым – қатынасқа даярлық деңгейін анықтау» Мақсаты: оқушылардың қарым – қатынас жасау қабілетін анықтау . «Сен досыңа жол бере аласың ба?» тесті.

Мақсаты: қарым-қатынас барысында өзгелерге сыйластықпен қарап, оның пікірімен, жағдайымен санаса алатындықты бағалау.

Жыл	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен	
2021-2022	3	637	40%	57%	3%
2022-2023	700		39,2%	60,6%	2%
2023-2024	780		43%	56,8%	2%

Салыстыра келсек, 2021 жылдардан осы жылға дейін қарым-қатынас деңгейі өскені бақалады, яғни 2024 ж-43%. Орташа көрсеткіштері 2022-2023 жылы 3,6% өсті. Ал төмен көрсеткіштері 3% дан 2% дейін төмендегені байқалады. Бұл көрсеткіштерден оң динамика көруге болады. Орта буын оқушыларының қарым-қатынас мәдениетінің бар екендігін көрсеткіші. Қарым-қатынас мәдениетін арттыру жолдарын тауып, жалғастыру қажеттілігі туындады. Бұл жұмысқа ата-аналар да жұмылдырылды.



5-11 сынып оқушыларының агрессия деңгейін анықтау нәтижелері


Мақсаты: 5-11 сынып оқушыларының агрессия күйін диагностикалау арқылы агрессивті мінез-құлықты оқушыларды анықтау, түзету жұмыстарын жүргізу үшін мәліметті қолдану.

Әдісі: «Басса-Дарки», «Айзенк» тесттері

Жыл	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен	
2021-2022	9	999	3,2%	60,4%	36,4%
2022-2023	900		3%	50,1%	46,9%
2023-2024	823		2,4%	66,4%	31,2%

2021-2022 жылды келесі оқу жылымен салыстырғанда жоғары деңгей 0.2% және 0,6% төмендеді, орташа деңгей көрсеткіші 5,4% өсті, ал төмен деңгей көрсеткіші 5.2% төмендегені байқалады. Тест нәтижесі бойынша агрессивті мінез-құлықты балалар басым бөлігі орташа көрсеткіштер. Жоғары деңгей оқушылар саны азайғанын айтуға болады. Бұл көбінесе сыныпта, сыныптан кейінгі кезде мінездерін көрсетеді, ашу шақырады, мазасыздық танытады. 2021-2024 жыл аралығында көрсеткіштердің өзгеруі ең біріншіден оқушылар санына байланысты.. Сонымен қатар 2022 жылдан бастап 2024 оқу жылына дейін жоғары деңгейінің төмендеуін байқаймыз. Агрессия деңгейі жоғары оқушылар тізімі бойынша жеке түзету жұмыс жоспары құрылып, алдын алу,

түзету, ағартушылық, кеңес беру бағыттары арқылы жүргізілді. Жыл соңында нәтиже түзелді. Бұл жақсы көрсеткіш деуге болады.




5-11 сынып аралығындағы қобалжу деңгейін анықтау нәтижелері

Мектепте қобалжуды анықтауға арналған диагностика 5-11 сыныптар арасында жылда өткізіледі.

Қолданылған әдістер: 5-ші сыныптарда Филиппс тесті, 6-7 психикалық денсаулығын, яғни стресске төзімділік, қобалжу деңгейі мен депрессивті жағдайларын зерттеу тесті, 8-11 сыныптар психикалық денсаулықты зерттеу арналған «Айзенк» тесті.

Жыл	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен
2021-2022	993	8%	40%	52%
2022-2023	749	6,4%	40%	53,6%
2023-2024	839	4,6%	69,1%	26,3%




2021-2022 жылмен соңғы 2024 оқу жылының жоғары деңгей көрсеткіштерін салыстыра келе 2021-2022 жылы 2,4 % көтеріліп, 2022 жылы 1,6%, ал 2023 жылы 1,8% төмендегені байқалады. Орта деңгей 2020 жылы 46,1% бастап, 2023 жылы 69,1% өскен, бұл 23% көтерілген. Жалпы көрсеткіштер жаман емес. Сонымен қатар қатысқан оқушылар саны да өзгеріп тұрды. 2021 жылы 993 оқушыдан 2023 жылы 839 оқушы қатысқан. Бұл 94 оқушыға кем дегенді білдіреді. Оқушылардың жыл бойы келіп-кетуіне байланысты. Қобалжу деңгейі жоғары оқушылар тізім бойынша жеке жоспармен түзету жұмысы жүргізіліп, оқушылардың қобалжу, мазасыздығы төмендеуіне жағдай жасалды.

5-11 сынып оқушыларының өздік бағалау деңгейін анықтау нәтижелері

5-11 сыныптарда білім алушылардың өздік бағалауын, өзіне сенімділік деңгейін анықтау мақсатында Казанцева Г.Н өздік бағалау тесті өткізілді.

Жыл	Саны	Жоғары	Орташа	Төмен
2021-2022	1019	10,2%	75,3%	14,5%
2022-2023	891	7%	82%	11%
2023-2024	932	10%	80%	10%



